

Келісілді
АҚ «ҰК «ҚТЖ Алматы
магистральді желісінің бөлімі»,
техникалық бөлім бастығы.
Махамбеталиев А.С



БЕКІТЕМІН
«ЛЖБ» институтының директоры
Мусаева Г.С.
«_20_»_02_ 2025 ж.

ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІНІҢ КАТАЛОГЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D11365 Тасымалдауды, қозғалысты
ұйымдастыру және көлікті пайдалану

Білім деңгейі: докторант

Оқу мерзімі: 3 жыл

Қабылдау жылы: 2025

Цикл	Компо- нент	Пәннің атауы	Жалпы еңбек қарқындылығы		Семестр	Оқыту нәтижелері	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Постреквизиттер
			академиялық сағаттарда	академиялық кредиттерде					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
БП	ТК	Көліктегі аутсорсинг	150	5	1	ОНЗ, ОН4	Бұл пән теміржол көлігіндегі жүк тасымалы саласындағы аутсорсингтің теориясы мен тәжірибесін тереңдетіп оқытуға арналған. Магистральдық теміржол желісіндегі аутсорсингтік процестерді ұйымдастырудың әдістемелік негіздері, аутсорсингтің түрлерін, әдістерін және міндеттерін талдауды қоса алғанда, қарастырылады. Аутсорсингтік компанияларды тендерлік рәсімдер арқылы тарту үшін конкурстық құжаттамаларды дайындау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Курс барысында жүк жөнелтушілерге қызмет көрсетудің және аутсорсингтік модельдерді пайдалануды ескере отырып, терминалдық-қойма шаруашылығының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудің заманауи тәсілдері талданады	Магистратура пәндері	ДФЗЖ, Зерттеу практикасы

БП	ТК	Көлікті пайдаланушыларға қызмет көрсету әдістемесі	150	5	1	ОН2, ОН3	Бұл пән теміржол көлігіндегі көлік кәсіпорындарында ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалаудың әдіснамалық және теориялық аспектілерін терең талдауға арналған. Курс барысында жүк вагондарын пайдалану көрсеткіштерін талдаудың, тасымалдау сапасын бағалаудың және көлік ұйымдары жұмысының кешенді сипаттамасының заманауи әдістері зерттеледі. Теміржол көлігі бөлімшелерінің негізгі құралдарының қайтарымдылығын анықтау және теміржол желісі деңгейіндегі негізгі қорларды пайдалану тиімділігін бағалау үшін озық үлгілерді әзірлеуге және қолдануға ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, мультимодальды көлік жүйелерінің элементі ретінде автокөлік кәсіпорындарының жоспарлы өнімділік көрсеткіштерін модельдеу және талдау мәселелері қарастырылады	Магистратура пәндері	ДҒЗЖ, Зерттеу практикасы
БеП	ТК	Көлік ағындарын болжау	150	5	1	ОН2, ОН5	Пән жүк ағындарын болжаудың әдіснамалық тәсілдерін және мультимодальды көлік жүйелеріндегі тасымалдау процесін оңтайландыруды тереңдетіп оқытуға бағытталған. Курс көлік ағындарын оңтайландырудың теориялық негіздерін талдауды, стационарлық құрылғылар мен инфрақұрылымның өткізу қабілетін модельдеу мен оңтайландыруды қамтиды. Өртүрлі көлік түрлерінің өзара әрекеттесуін жедел басқарудың заманауи әдістерін әзірлеуге және қолдануға, сондай-ақ түрліше өзара әрекеттесуді оңтайландыру есебінен көлік жүйелерінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру тетіктерін зерттеуге ерекше назар аударылады	Магистратура пәндері	ДҒЗЖ, Зерттеу практикасы

БөП	ТК	Көлік жұмыстарын сараптау жүйесі	150	5	1	ОН2, ОН5	Пәннің мақсаты сыртқы ортаның белгісіздігі мен өзгергіштігі жағдайында көлік жүйелерінің жұмыс істеу принциптері мен даму динамикасын кешенді түсінуді қалыптастыру болып табылады. Курс көлік жүйесінде болып жатқан өзгерістерді талдаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттейді және жүйенің өзгертін жағдайларға бейімделуін қамтамасыз ету үшін ғылыми негізделген құралдар әзірленеді. Стратегиялық және жедел жоспарлау, күрделі көлік жүйелері мен тораптарының жұмысын болжау, сондай-ақ осы жүйелерді тиімді жедел және күнтізбелік басқаруды ұйымдастыру міндеттерін шешуге ерекше назар аударылады	Магистратура пәндері	ДҒЗЖ, Зерттеу практикасы
-----	----	--	-----	---	---	-------------	--	-------------------------	-----------------------------

«Көлік қызметтері және бизнес» кафедра меңгерушісі

Мусалиева Р.Д.